

**№23 жалпы орта білім беретін мектептің  
Қамқоршылық кеңес отырысының  
Хаттамасы №4**

**Атырау облысы  
Жылыой ауданы  
Жаңа Қаратон кенті**

**6.06.2018 ж**

**Қатысқандар**

1. Мектеп директоры: Аязбаева З.М
2. Тәрбие ісінің орынбасары: Бурашева З.У
3. Оқу ісінің орынбасары: Бексұлтанова Л.А
4. Әлеуметтік педагог: Губайдуллина М.С
5. Кітапханашы: А.Сисенбаева
6. Кеңес төреғасы-Ж.Ескалиева
7. Мүше: К.Бапаева
8. Мүше: А.Сихова
9. Мүше: А.Біләлов
10. Мүше: Б.Зинуллин
11. Мүше: Н.Өкпегазиев
12. Мүше: Ж.Умирзаков
13. Мүше: Д.Бохаев
14. Мүше: Д.Кушенова
15. Қаратон поселке учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны: А. Қаламбаев
16. Ата-аналар

**Күн тәртібінде:**

1. Жаз мезгіліндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі
2. Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы «14» қаңтардағы №26 бұйрығымен таныстыру
3. Жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру
4. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалынды:**

**1- мәселе оқушылардың өмір қауіпсіздігі бойынша сөз кезегін мектеп директоры:** Аязбаева Злиха Макесовна алды. Ол өз сөзінде оқушылар арасында жиналып немесе сынып жетекшілерімен біріге отырып походқа шығуға болмайтыны, шығатын болса тек ата-аналарымен бірге шығуға болатынын айтты. Сонымен бірге жолда велосипед тебуге болмайтыны, беймезгіл уақытта көшеде жүруге тыйым салынғаны, сағат 10:00 -де оқушы балалар үйде болу керектігі және көшеде жүріп ұсталған жағдайда ата-анаға айыппұл салынатынын айтты.

**2-мәселе мектеп формасы жөнінде тәрбие ісі бойынша орынбасар Борашева Зулпия сөз алды.** Өз сөзінде Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы «14» қаңтардағы №26 бұйрығымен орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, ережелер толық таныстырылды.

Жоғарыда аталған талаптар білім берудің зайырлы сипатын іске асыруға және орта білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында әлеуметтік, мүліктік және басқа да өзгешеліктердің белгілерін жоюға бағытталған.

- Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғым қолданылады:

- орта білім беру ұйымы – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

- Талаптардың мақсаты – міндетті мектеп формасын қолдануда орта білім беру ұйымдарының бірыңғай келісімін қамтамасыз ету, ата-аналардың мектеп формасына жағымды қатынасын қалыптастыру, оқытудың зайырлы сипатын сақтауда оқу орны басшыларының және қоғамдық кеңестердің (мектеп кеңесі, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті) жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Былтырғы 2017-2018 оқу жылының аяғында, яғни мамыр айында ата-аналар жиналысында ата-аналармен ақылдаса отырып, мектеп формасы туралы айтылған болатын. 2018-2019 оқу жылында 12 мамырда ата-аналар комитетінің жиналысы өтіп, мектеп формасының түсі қою көк, классикалық үлгідегі юбка, юбканың ұзындығы тізеден бсм түсіп тұратын, ақ блузка, шаштарына ақ бантик, ұлдарға классикалық үлгідегі қою көк түсті, тобықтан түсіп тұратын шалбар, ақ көйлек. Осы мектеп формасын сақтауда ата-аналар қадағалап отырса деген ұсынысын айтты.

**3- мәселе жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру жөнінде әлеуметтік педагог Губайдуллина Мирамгуль сөз алды.**

Мектепшілік жазғы демалыс лагеріне жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы, озат оқушылар бастауыш сынып оқушылары қамтылатынын айтып өтті. Оқушы саны 1-кезең 70 оқушы, 2-кезең 70 оқушы қамтылуда. Сонымен қатар қала сыртына да жазғы демалыс лагерлері де ұйымдастырылды. Бұған жартылай жетім, аз қамтылған оқушылар қамтылатынын айтты. «Железноводск» қаласынына боқушы, Атырау қаласына «Тұлпар» лагеріне 3 оқушы, Камыскөл сауықтыру шапажайына денсаулығында ақауы бар 10 оқушы, Шымкент қаласына «Машат Ерке» жазғы демалыс лагеріне 5 оқушы қамтылу керектігін айтты. Ата-аналар жазғы демалыста балаларын қадағалап отыру керектігін де айтып өтті.

**4- мәселе бойынша Қаратон поселке учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Қаламбаев Азамат Маратұлы алды:** Ол өз есебінде полиция қызметкерлерінің әр уақытта өз қол ұшын беретін, әділдікті қолдайтын және азаматтарды қорғайтын тұлға екенін айтты. Қазақстан Республикасының өз заңы бар. Оған еліміздің қоғамдық құрылымы, жеке адамдардың бас бостандығы, құқығы, еркі туралы арнайы баптар енгізілген. Қазақстан азаматы ретінде біз де осы заңға сай мемлекет тарапынан қамқорлық пен қолдау көре аламыз. Сонымен қатар елдегі тыныштықты, тәртіпті және азаматтарды қорғау полиция қызметкерлерінің міндеті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші барлығымыз Ата Заңымызды сақтап, заңға бағынуымыз керек. Мектеп көлемінде өтіп жатқан жасөспірімдер

арасында құқық бұзушылық пен қылмыс тыңалдын алу мақсатында іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. «Мүлдем төзбеушілік» атты акцияны өтуі туралы айтты. Мектепте осы акция негізінде түсінік жұмыстарының жүргізіліп, шаралар өткенін айтып өтті. Мектеп оқушыларын ата-ана тарапынан қатаң қадағалауға алу керектігі айтылып өтті. Жалпы сағат 22:00 -ден кейін ата-анасының қарауынсыз балалар көшеде, ойын-сауық кешендерінде жүрмеулері болмайтындығы тағы айтылды. Әкімшілік құқық бұзушылық 442 бапта көзделгендей. 22:00 -ден кейін ата-анасының қарауынсыз балалар көшеде жүріп бірінші ұсталса, ескерту беріледі. Сөйтіп екінші рет қайталанса, ата-анаға айыппұл салынытынын ескертіп өтті.

**Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңес мүшесі Умирзаков Женисбек сөз алды:**

- Аяқ астынан кешке дүкенге баланы нанға жұмсап немесе бір туысқанымыздың үйіне жібереміз. Ондай жағдайда кешірім бола ма?

**Испектор:**

- Ондай жағдайда, 22:00-ден кейін егер баланың қасында ата-анасы болмаса, ата-анаға мезгілсіз уақытта баланың көшеден ұсталуына байланысты айыппұл салынады. Баланың міндетті түрде қасында ата-анасы болуы қажет.

**Қамқоршылық кеңес төрайымы Ескалиева Жумагуль сөз алды:**

Ж.Ескалиева өзінің қамқоршылық кеңес төрағасы ретінде, кеңес мүшелері жиналысында мектеп формасы талқыланып, жиналыста берілген ұсыныстарды ата-аналарға ұсынды. Ата-аналарға қазіргі таңда баланың білім алуына қойылатын талаптар жоғары екендігін, бұл заман талабы екендігін, сондықтан ата-аналар барлығын мұғалімдерге, мектепке артып қоймай, болашақ біздікі сондықтан біз мектепке көмектесуіміз керек деді. Сонымен қатар берілген көмектері туралы да есеп беріліп кетті. Акция кездерінде де, қолымыздан келгенімізше көмек беретіндерін айтып өтті. Барлық ата-ананы бала тәрбиесімен сапалы білім алуға ат салысуға шақырды.

**Сөйлеушілер:**

**Ата-ана Балмуханова Жайнагүл:**

Мектептен тыс уақытта бала тәрбиесіне жас ата-аналардың мән беріп қадағалауын ескертті. Оқушылар арасында болатын кикілжіндердің алдын алуға шақырды. Ұсынылған мектеп формасын қолдап, келісетіндігін айтты.

**Ата-ана Әдилова Сауле:**

Жиналыста айтылған барлық мәселелерді қолдай отырып, ұсынылған мектеп формасына қарсы еместігі туралы өз ойын білдірді. Барлық ата-аналарды 2018/2019 оқу жылынан бастап, мектеп директоры мен ата-аналар комитетінің ұсынған үлгісін қолдауға ата-аналады шақырды. Ата-аналардың көпшілік дауысымен ұсынылған мектеп формасы келесі 2018-2019 оқу жылында сақталатын болды.

**5-ағымдағы мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Сисенбаева Айсұлу сөз алды.** Ол оқу жылының соңындағы кітап тапсыру және жаңа оқу жылына кітапты тарату кестесімен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылына жетіспейтін кітаптарға сұраныс берілді. Кітап келген жағдайда оқушыларға таратылып беріледі.

**Ұсыныс:**

1. Жазғы демалыста оқушылардың өмір қауіпсіздігі сақталсын.
2. Жазғы демалыс лагерлеріне осал топтан шыққан оқушылар қамтылсын.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмыстары жандана берсін.
4. №26 бұйрықты басшылыққа ала отырып, оқушылардың мектеп формасын қадағалау ата-ана жауапкершілігіне міндеттелсін.

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:** *Ескалиева Ж.Е.* Ескалиева Ж.Е

**Хатшы:** *Сихова А.М.* Сихова А.М

